

Рисунок - 17 Доля среднего чека у казахстанских дизайнерских брендов




Рисунок - 18 Доля причины недовольства потребителей у казахстанских дизайнерских брендов

ӘӨЖ 974-19
ГРНТИ 03.20.09

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.12>

Ж.Е. Ишпекбаев¹, Оспанова Р.Р.,² Б.Р. Оспанова³

¹саяси ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан, Алматы қ.
E – mail: i.zhan65@mail.ru

²т.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, Қазақстан, Алматы қ.
E – mail: ablai_angel@mail.ru

³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Алматы қ., Қазақстан
E – mail: baian_80@mail.ru

ҚАЗАҚТАНУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

XX ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанның әлеуметтік-саяси реформаларының негізгі элементі мемлекет қызметінің деидеологизациясы болды. Яғни, саяси жетекшілердің идеология саласынан бас тартуы. Сол кезде идеология - мемлекеттік биліктің азаматтық қоғам дамуына зорлықты қысым жасауы және социализмнің атрибуты ретінде қарастырылатын. Бұрынғы мемлекеттіліктің негізі болған коммунистік идеологияның күйреуі - социумның жеке идентификациясының күйреуіне, яғни қоғамның өзін-өзі туралы түсініктен, өзінің дамуының болашағы мен әлемдік үрдістердегі алатын орны туралы түсініктеріннен айыралды. Сондықтан әлемдік жаңа шарттар бойынша Қазақстанның идентификациясы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Кейінгі кезеңде қазақ зиялылары ұлттық идея туралы сөз қозғай бастады. Бұл жақсылықтың нышаны, ұлттық есею мен зерделенудің белгісі. Ұлттық идеяны іздеу – халықтың өзін өзі іздеуге кіріскендігі. Өткенінде өнеге, тарихында тәлімі бар ел төл дәуірінің толғақты сәттерінде өзіне өзі есеп беріп, қош айтысқан замандарды санасында қорытып, төрт құбыласын түгендейді, көшкен ғасырлардан сыр сауады, маңдайы тірелген кезеңнің тамырын басады, келер күнге барлау жасайды. Етек-жеңін осылай түгендегеннен соңғы ойды ұлттық идея деңгейінде қорытуға талпынады.

Тірек сөздер: Ұлттық идея, қазақстану, зиялы қауым, ұлт мәселесі

Мақала Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын "Қазақтану жобасы: ұлттық бірегейліктің негізі" атты ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген (Грант 0122РКИ0074)

Ишпекбаев Ж.Е.*¹, Оспанова Р.Р.², Оспанова Б.Р.³

¹Кандидат политических наук, доцент, Казахстан, г. Алматы

E – mail: i.zhan65@mail.ru

²к.и.н., доцент КазНПУ им. Абая, Казахстан, г. Алматы

³научный сотрудник научно-исследовательского института Казахского национального педагогического университета имени Абая, кандидат филологических наук, г. Алматы, Казахстан

E – mail: baian_80@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ КАЗАХОВЕДЕНИЯ И ПРОБЛЕМА ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ

Аннотация

В 90-х годах XX века основными элементами общественно-политических реформ в Казахстане стали делегитимация государственной службы. То есть отказ от идеологии политических лидеров. При этом идеология рассматривается как атрибут государственной власти для развития гражданского общества, снижения насилия и социализма. Крах коммунистической идеологии, которая была основой прежней государственности, привел к краху жеке идентификации общества, то есть способности общества работать самостоятельно, вне Я-концепции. Поэтому идентификация Казахстана в глобальном контексте является сегодня одним из важнейших вопросов.

В более поздний период казахская интеллигенция начала говорить о национальной идее. Это символ добра, символ национального взросления и изученности. Поиск национальной идеи-это поиск самого народа. В прошлом страна, имеющая урок в своей истории, отчитывается перед собой в бурные моменты эпохи, подводит итоги в своем уме прощальных времен, подводит итоги четырех событий, узнает о минувших веках, прослеживает корни прошлого, исследует будущее. После такой инвентаризации она пытается обобщить последнюю идею на уровне национальной идеи.

Ключевые слова: идентификация Казахстана, казахская интеллигенция, национальная идея, символ добра, Республика Казахстан.

Статья подготовлена в рамках реализации проекта «Қазақтану жобасы: ұлттық бірегейліктің негізі», финансируемого КазНПУ имени Абая (Грант 0122РКИ0074)

Ishpekbaev Zh.E. *¹, , Ospanova R.R.², B.R. Ospanova³

¹ Candidate of Political Science, Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E – mail: i.zhan65@mail.ru

² Candidate of historical sciences, associate professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University

E – mail: ablai_angel@mail.ru

³ Researcher of the Research Institute of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

E – mail: baian_80@mail.ru

THE NATIONAL IDEA OF KAZAKH STUDIES AND THE PROBLEM OF UNIVERSAL VALUES

Abstract

In the 90s of the XX century, the main element of socio-political reforms of Kazakhstan was the deideologization of state activities. That is, the rejection of the sphere of ideology by political leaders. At that time, ideology was a violent pressure of state power on the development of civil society and was considered an attribute of socialism. The collapse of communist ideology, which was the basis of the former statehood, led to the collapse of the individual identity of society, that is, the loss of society's understanding of itself, the future of its development and its place in world trends. Therefore, the identification of Kazakhstan under the new world conditions is currently one of the most pressing issues.

In the later period, the Kazakh intelligentsia began to talk about the National idea. It is a symbol of good, a symbol of national growth and study. The search for a national idea is when the people began to search for themselves. A country that has an example in its past, a teaching in its history, is aware of itself in the turbulent moments of its own era, summarizes the past times in its consciousness, invents its four phenomena, digests the secrets of the centuries that have passed, suppresses the roots of the period that has come to life, explores the future. This is how he tries to generalize the last idea at the level of the National idea.

Keywords: National idea, Kazakh studies, intelligentsia, problems of the nation

The article was developed as part of the implementation of the scientific project "Project of Kazakh studies: the basis of national identity", funded by Abai Kaznpu (Grant 0122RKI0074)

Кіріспе. Ұлттық тарихтың дамып жетілуінде, философиялық ойлау мәдениетнің қалыптасу тарихында, ұлттың дамуының қозғаушы күші ретінде тікелей әсер еткен идеялар болды. Солардың ішінде егемендік алып, ұлттық рухымызды жаңғыртқан кезде, қазақ мемлекеттігін қайта қалпына келтіру қажеттігі туғанда, қазақ демократиялық интеллигенциясының дүниетанымындағы ұлттық идея мәселелері өзінің өзектілігін танытты.

Тақырыптың өзектілігі: Еліміздің қазіргі мемлекеттік идеологиясының қайнар бастауы болатын Алаш қайраткерлерінің көзқарастарының бітім болмысының мәнін және қазіргі замандағы маңызын ашу философиялық зерттеулер үшін өзекті мәселе болып саналады. Қазіргі жаһандану дәуірінде әр ұлттың өз құндылықтарын танып-білуі және оларды бағалай отырып, өзінің ұлттық кескін-келбетін сақтап қалуы әлемнің кез келген ұлтын мазалауда. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асырудағы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан–2030» стратегиялық бағдарламасында да осы мәселе: «Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату – өзекті мәселелердің бірі болуда» делініп айқын көрсетілген. Демек, біз таңдап отырған ғылыми тақырып мемлекеттік стратегиялық маңызға да ие. Ұлттық философия контекстінде жүргізілетін бұл ғылыми зерттеу жұмысы өз құндылықтарымызды жалпыадамзаттық құндылықтармен салыстыра отырып, танып-білуге әрі оны бағалауға қызмет етеді. Сондай-ақ, бұл ғылыми жұмыстың нәтижелері – жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың сабақтастығын айқындауда да, ұлттық немесе жалпыадамзаттық мақсат-мүдденің мән-мазмұнын түсінуде де, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың қоғам өміріндегі орны мен рөлін және қызметін анықтауда да маңызды.

Мақсаты: Зерттеудің мақсаты қазақ зиялыларының дүниетанымындағы ұлттық идеяның қалыптасуы мен дамуын философиялық тұрғыдан талдап және оның қазіргі Қазақстандағы маңызын ашып көрсету.

- **Негізгі міндеттері.** Қазақ зиялыларының дүниетанымындағы ұлттық идеяның қайнар бастауларын, бітім болмысы мен мазмұнын айқара ашу;

Теориялық маңыздылығы. Диссертацияның теориялық маңызы ретінде ұлттық болмыс, ұлттық идеология категориялары зерттеліп, олардың онтологиялық маңызы көрсетілген.

Жаңалығы. Ұлттық идея категориясы біріншіден онтологиялық категория ретінде қарастырылып, егемендіктің қайнар бастауы деп дәлелденеді;

- Алаш идеясы еліміздің тәуелсіздігінің тоталитарлы империя құрсауында тұрғандағы ұлттық идеяның бастауы ретінде екендігі негізделеді;

- Қазақ мемлекеттігінің бірегейлігі ұлттық идеяның дасмып жетілу барысында қалыптасқандығы дәлелденеді;

Қазіргі егемен Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының негізгі мазмұнын қазақ демократиялық интеллигенциясының қалыптастырған ұлттық идеясы екендігі дәлелденген.

Қолданбалық маңызы. Практикалық маңыздылығына тоқталатын болсақ, студенттерге философиялық антропология, қазақ философиясының тарихы, әлеуметтік философия пәндерін оқуда қолданылып, «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: Рухан жаңғыру» мемлекеттік концепциясын зерттеуде көмекші құрал ретінде қолданыс таба алады.

Зерттеу әдістемесі. Бұл диссертацияда зерттеудің негізгі әдісі ретінде диалектикалық, компаративтикалық, феноменологиялық, герменевтикалық әдістер қолданылған. Сонымен қатар, тарихилық пен логикалық талдау әдісі де бар.

Ұлттық идея - қай халықтың болмасын негізгі мемлекет болып қалыптасу өзегі. Ұлттық идея ұлтты дамытудың ядросы.

Заман өзгерген сайын адам баласы да заман ағымы талаптарына жауап беруге талпынып дамуда. Осындай заманауи тұлғаның дамуында өткеннен сабақ алып, ұлы қазақ зиялыларының ұлттық идеяны көтерген мәселерін өнеге ретінде алып заманауи ағымға енгізіге отырып, қоғамдық даму бағытының тұғырына айналдыру мемлекетіміздің міндеттерінің біріне айналууда. Зерттеу тақырыбымыз ұлттық идея болғандықтан қазіргі кезеңде пікір таластарда көтеріліп жүрген ұлттық идея, ұлттық идеология, мемлекеттік доктрина мәселелері болып отыр. Аталған ұғымдар философия ғылымдағы ең басты бағыт – билікпен тығыз байланысты. Теориялық негіздерге сүйенсек саясат әлеуметтік хаостан шығудың жолы, ал билік сол берекесіздіктен шығудың құралы. Билік ұғымымен бірге пайда болған категорияның бірі – саяси идеялар. Билікті жүзеге асырушылар мен асыруға ұмтылғандардың арасында билік мәселесіне байланысты, әсіресе бөліс, шешім қабылдау, реттеуге, мәжбүрлеуге байланысты көзқарас алшақтығы пайда болады. Міне осындай көзқарас, пікір қайшылығын біз идеологияның ежелгі кезеңіндегі көрінісі – мифологиядан, діни ағымдардан да көре аламыз [1]. Ұлттық идеяның алғашқы көрінісі ретінде әлеуметтік және саяси идеялардың негізге ала аламыз. Ежелгі Шығыстағы және ежелгі Римдегі идеалды билеуші туралы, ежелгі Грециядағы идеалды мемлекет туралы саяси ойлардың пайда болуы осыған мысал деп толықтай айта аламыз.

Классикалық ғалыми арнада қоғамдық идеалдар туралы ілімнің негізін Платон мен Аристотель қалыптастырды. Егер Платон болмайтын идеалдарды жүйелеп дамытуға тырысса, ал Аристотель, керісінше бар нәрсенің идеалды нормалары туралы ілім жасап, оған қарсы тұрды [2]. Орыс философы князь Трубецкой идеалдардың утопиялардың күйреген, «апатты жағдайларда» пайда болатынына мең берген болатын. Өзін-өзі тану «күйреу жағдайын» бастан кешіру барысында басталады және болашақ дамудың идеалдарын туғызумен аяқталады. Идеалдар жүзеге аспай, утопияға айналып, дағдарысқа ұшыраған кезде тағы «күйреу» басталады. Бұл процесс адамдар бірлестігі бар жерде үздіксіз болатын құбылыс. [3]

Ұлттық идеялар мен идеологиялардың қалыптасу кезеңін зерттеушілер жаңа дәуірмен байланыстырады. Өйткені ұлттық идеяның ұлттардың қалыптасу дәуірінде пайда болғандықтан «ұлт» ұғымының мазмұнын ашпастан ұлттық идея ұғымының мазмұнын аша алмаймыз деп ойлаймыз. Бір бірімен сабақтас ұғым болғандықтан бұл мәселеге басты назарда тоқталу керек.

Енді «Ұлт» ұғымына байланысты зерттеулер де, пікірлер де көп. Мысалы, XIX-XX ғ. басындағы Мадзини, Актон, Ренан, Масарик, Соловьев және т.б. ойшылдар ұлттарды жаңа әлеуметтік құбылыс ретінде қарады, оның негізгі белгісі рухани дүниеде дей келе, ерекше ұлттың өзін-өзі тануы деп есептейді. Бүгінгі таңда «Ұлт» сөзіне негіз болған «нация» сөзі латын тілінде қандас туыстарға байланысты қолданылған болатын. Ағылшын ғалымы Уокер Коннор «нация» сөзі Англияда XIII ғ. латын тіліндегідей қолданыста болса (қандас туыс), ал XVII ғасырға қарай белгілі бір елдің жалпы тұрғындарын атауға байланысты, олардың әртүрлі этникалық топтарға жататына қарамастан қолданыла бастаған деген пікірге келген. Ол буржуазиялық революциялар кезінде «нация» ұғымы мен «мемлекет» ұғымының синоним ретінде қолданыла бастауына себеп болған Локк және Руссоның «халық суверенитеті» теорияларының әсері деп санаған [4]. Энтони Д. Смитт ұлттардың қалыптасуына Батыстағы үш түрлі революциялар – еңбек бөлісіндегі, басқаруды бақылаудағы, мәдени координациядағы - әсер етті дейді [5]. Карл Дойч «ұлт...ол әлеуметтік мәжбүр етудің бірқатар институттарының үстінен бақылау орнатуға қол жеткізген халық және ол өзінің тарихи даму болшағында толыққанды ұлт-мемлекет ретінде қалыптаса алады, ал ұлтшылдық жеке қауіпсіздік пен топтық етенелесу мақсаттарды топтық мүдделерді жүзеге асырудан көрініс табатын осы ұлт пен оның мүшелерінің әлеуметтік белсенділік, мүдделер мен лауазымдар сферасында өзге ұлттармен бәсекелестік мүдделестікке ден қоюы», деген мағынаны берген[6].

Революциялық дәуірде әр түрлі этникалық топтардан тұратын қоғамдардың өзінде экономикалық біртұтастықпен бірге, енді саяси біртұтастық қалыптасады және революцияның барысында, әсіресе сыртқы факторларға байланысты ортақ идея – ұлттық идеялар қалыптаса бастайды деп нық айта аламыз. Біртұтас идеялар немесе ұлттық идеялардың негізінде басқа халықтармен бәсекелестік немесе сырттан келген жаулап алушыларға деген наразылық бар екендігі дәлелденген құбылыс. Кеңестік дәуірдегі зерттеушілердің көпшілігі «ұлт» бұл капиталистік дәуірдің туындысы деген теорияны негіздеген. Бұл пікірді де қарастыруға болады. Себебі капиталистік қатынастар бір мемлекеттің құрамындағы әр түрлі этникалық топтардың өзара араласуын және ортақ мүдденің, ортақ дүниетанымның қалыптасуына әсер етті. Осы процестерге негіз болған орта ғасырлардағы кітап шығарудың кең тарауы және Ұлы географиялық ашылулар болды. Мысалы, Францияда 1470-1600 жылдар аралығында 12 мың атаумен, ал Италияда 20 мың атаумен кітап басылса, ал Германияда 1564 жылдан бастап есептегенде Франкфурттегі кітап жәрменкесіне 39 жыл ішінде 20 мың кітап шығарылып сатылған [7]. Кітаптың кең тарауы ортақ

тілді қалыптастырса, ішкі нарық пен орталықтанған мемлекеттердің қалыптасуы ортақ территорияны қалыптастырған болатын. Ал Ұлы географиялық ашылулар қазіргі ғаламдыстырудың бастамасы ғана болған жоқ, сонымен бірге революцияларды бастан кешірген халықтардың өз іс-әрекеттерін ақтайтын философиялық, саяси ойларын дүниеге алып келді және қоғамның дамуының барлық саласы бойынша өзара бәсекелестік бастауы болды.

Ұлттық идеалдардың ішінде барлығының жүзеге асуына негіз болатын бастысы ұлттық идеяға айналады. Зерттеулерде ұлттық идея мәселесіне жан-жақты көзқарастарды келтіруге болады. Арапов М.В. және Мирский Э.М. «ұлттық идея қоғамдағы және оның ұяшықтарындағы саяси күштердің бәсекелестіктерінің нақты шекарасын белгілейді, ал оның түп тамыры қоғамның, тіпті тұтастай алғанда, мемлекеттің аталмыш ұяшықтарының тұтастығына қауіп төндіретін қақтығыс бар. Ұлттық идея оларға тарихи оқиғалар, жеке атаулар ретінде мәртебе берілген көптеген ғасырлар бойы сүзгіден өткен шешімдерді қабылдау мен жүріс-тұрыс моделі ретінде қолданылатын образдардан жинақталады, ал олар, өз кезегінде «біздің территория» түсінігін қалыптастыратын ұлттық пансионды топониндерді құрайды», - деп есептейді [8].

К.Г. Красухин «Ұлттық идея – бұл белгілі бір идеологиялық конструкция, ол ұлттың өзін-өзі тануы процесіне әсер ете отырып, оның күнделікті өмірге және болашақ дамуға байланысты стереотиптерін көрсетуі керек», - деп жазды [9].

Уақытында көптеген елдерде әр түрлі ұлттық идеялар қалыптасты. Біріне тоқталсақ Ресейдегі «орыс идеясы». Оның мағынасы мен мазмұны туралы Д.Д. Драгунский былай дейді: «Бұл орыстардың өздерін және әлемдегі өздерінің ерекше орындары туралы түсініктері. Алайда, орыс ойы өзіне емес, өздерінің әлемдегі алатын орындарына баса назар аударады – орыстардың өзіндік бітімі орыс мақсаты арқылы анықталады. Яғни Орыс идеясы түпкілікті нәтижеде ерекше миссия идеясына тұғырланады» деп айтқан. [10].

Әдетте әр түрлі көзқарастардың қалыптасуына қоғамдағы саяси топтардың қоғамдағы орны мен білім дәрежесі, саяси мәдениеті әсер етеді. Міне осыдан келіп негізгі басты идея мен сол идеяны жүзеге асырудың жолдарын ұсынған идеялардың жиынтығын – идеология пайда болады.

Идеология – бұл ұлттық идея негізінде қалыптасқан және оны жүзеге асырудың әр түрлі жолдардың негіздеген идеялық ағымдар. Әр түрлі елдер тарихи, саяси жағдайларға байланысты әр түрлі идеологиялар қалыптасады. Ұлттық идеологияны жүзеге асыруға әр түрлі әлеуметтік топтар өз мүдделерін сақтай отырып атсалысатын болғандықтан олардың ұлттық идеяны жүзеге асыру жолдары да әр түрлі болады және соның негізінде әр түрлі идеологиялар қалыптасады.

К.Манхейм мүдделер қарама-қайшылығын идеялар қарама-қайшылығына айналдыратын интеллектуалдар деп есептейді [11]. Неміс ғалымы У. Матц идеология – бұл қоғам дағдарысқа ұшырап, сүйеніш іздеген кезде кездейсоқ табыла алған балдақ іспеттес деп суреттейді [12].

Идеология ұғымы ғылыми айналымда XIX ғ.бірінші жартысында пайда болды және оны ұсынған француз философы және экономисі А. де Траси боды. Ол «егер біз оның тақырыбын және грамматикасын алатын болсақ, егер біз оның құралына, логикасына мән беріп, оның мақсатын қарастыратын болсақ, онда бұл ғалымды идеология деп атауымыз керек» деп жазды [13].

Тағы бір осы тақырыпты қозған ғалым Е.Савеленок «идеология ұғымының» эволюциясын үш кезеңге бөледі:

1) идеялар туралы ғылым, олардың пайда болуы және қоғамның даму тәжірибесінде пайдалану заңдылықтары зерттейді (XIX ғ.басы);

2) қоғамдағы әр түрлі теориялар мен көзқарастардың саяси-әлеуметтік бағыттарын анықтайтын ұғым ретінде (XIX ғ. - қазірге дейін);

3) идеология зерттеу пәні ретінде және әлеуметтік ғылымдарда құралдық ұғым ретінде (Манхеймнің «білім социологиясы» және т.б.).

Ал енді идеология туралы Батыс зерттеушілерінің анықтамаларын бірнеше топтарға бөлуге болады: Ғылыми бағыттар мен мектептер Анықтамалары Позитивистер (Манхейм К., Поппер К., Топич Э. және т.б.) «жалған сана», яғни құндылықтар субъективті Антипозитивистер немесе феноменологиялық бағыт (А.Шюц) Құндылықтар мен идеялар объективті неомарксистер өмірдің өзі жалған болғандықтан идеология да жалған болуы мүмкін солшыл радикалдық социология өкілдері идеология - әлеуметтік топтардың саяси мүдделерінің теориялық көрінісі идеологияны «жалған сана» деп есептейтіндер негізінен идеологиялардың негізін құрайтын құндылықтардың субъективті екендігіне байланысты осындай тұжырым жасап отыр. К.Маркс идеологияны «иллюзия» деп есептеді.

Ресей зерттеушісі А.Б. Баллаев К.Маркстің «Неміс идеологиясы еңбегінде идеология ұғымы «дәуірдің» өзі туралы иллюзиясы немесе «ұлттың» өзі туралы иллюзиясы түрінде пайдалынған деп

есептейді. Бұның өзі К. Маркстің қоғамдық құндылықтарды субъективті деп есептегенін білдіреді [14]. Бұл көзқарастар, әсіресе фашизм мен коммунистік идеологиялардың кері жақтары уақытында идеологияға деген сенімсіздікті тудырғаны белгілі.

Идеология тарихына шолу жасай отырып, Е.Савеленок кейінгі кезеңде идеологияға деген көзқарастың біршама өзгергенін атап кетеді. Қазіргі кезеңде «реидеологизация» концепциясы, яғни «идеологияға қайта оралуға» шыққан концепциялар көбейіп жатыр деуге негіз бар. Атаулы концепцияларда идеологияның практикалық жағына, қоғамдағы рөліне көбірек мән берілген. Мысалы, Л.Браун идеология қоғамдағы психопатологиялық шиеленісті шешуші құрал ретінде есептесе, ал П.Ансар идеология – бұл қазіргі тәртіпті интеллектуалдық ақтау деп есептейді. Т.Парсонс идеологияны қоғамды топтастырушы рөліне мән береді [15].

Қазіргі кезеңге дейін идеология туралы пікірталас толастамай отыр. Оған қарамастан идеологияның қоғамдағы рөлін жоққа шығара алмаймыз. Идеология дегеніміз қоғамдағы саяси күштерді немесе жалпы ұлтты белгілі бір саяси-экономикалық, рухани мәселелерді жұмылдыратын, тұлғаның іс-әрекет және ойлау жүйесіне әсер ететін идеялар жүйесі деп есептейміз. Бір сөзбен айтқанда идеологияны саяси және ұлттық идеология деп шартты түрде екіге бөлуге болады. Саяси идеологияларға біз мемлекеттің рөліне, меншіктің түріне, әлеуметтік топтардың қоғамдағы рөліне байланысты қалыптасқан саяси ағымдарды жатқызамыз. Мысалы, қазіргі кезеңдегі идеологиялық ағымдарға В.П. Пугачев пен А.И. Соловьев мынадай саяси идеологияларды жатқызады: либерализм мен неолиберализм, консерватизм мен неоконсерватизм, социализм, социалдемократия, фашизм [16]. Саяси идеологиялардың әр түрлі қоғамдағы рөлі мен ықпалының да әр түрлі болуы ұлттық идеяға және қоғамдағы әлеуметтік топтардың арасалмағына байланысты болады.

Саяси идеологиялардың әр түрлі қоғамдағы орны мен қырлары да әр түрлі. Ол жағдайда сол қоғамның тарихи даму эволюциясына, саяси - әлеуметтік және экономикалық жағдайына байланысты болады. Мысалы, американдық зерттеуші профессор Л.Дж.Р. Херсон АҚШ-та консерваторлар мен либералдарға бөліну шартты түрде және барынша төрт өлшемге байланысты ғана пайда болады деп тұжырымдайды. Бірінші өлшем – меншік пен рынокқа байланысты мәселелер (үкіметтің рынокты бақылауға алу керек пе? экономикалық процеске араласу қажет пе, жұмыссыздық мәселесі және т.б.). Екінші: мемлекет пен жеке адам құқы. Үшінші, өндірілген өнімге, қызмет сапасын үкімет реттеуі керек пе әлде рынок өзі реттей ме? Төртінші, әлеуметтік әділдік мәселесіне мемлекет қандай дәрежеде араласуы керек [17].

Ал ұлттық идеология немесе ұлтшылдық көп жағдайда империялық жады сақталып қалған кешегі отарынан айрылып қалған метрополияларда және отаршылдық езгіден арылған жас мемлекеттерде қалыптасады. Ұлттық идеологияның мақсаты тәуелсіздік алған жас ұлттың әлемдік еңбек бөлісінде, халықаралық саяси жүйеде өз орнын табуға жұмылдыру немесе отарынан айрылып қалған елдердің өткенге қайта қол жеткізуге ұмтылуы. Ұлттық идеологиялар ұлттың өз ішіндегі идеялық қарама-қайшылықты бәсеңдетіп, ұлттың алдына ортақ міндеттер қояды және соларды жүзеге асыруға жұмылдырады. Осындай негізде еліміз жоғалтқанын тауып, жас мемлекет ретінде ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының жеке мемлекет құрудағы талпынысы барысындағы ұлттық идеясын жаңғырту ұрпақ парызы деп есептеймін.

Ал енді мемлекеттік доктриналарға келетін болсақ, бұл да идеологияның бір түрі. Бірақ оның белгілі бір ерекшеліктері бар. Көптеген дағдарысты қоғамдарда әлеуметтік жіктелістің төреңдеуіне орай қоғамда бірнеше идеологиялық ағымдар болады. Олардың билік үшін күресі шиеленісіп кетуі мүмкіндігіне байланысты немесе Липсет «көпқұрамдас» қоғам деп атаған әр түрлі этникалық топтардан тұратын қоғамдарда саяси жанжалды болдырмайтындай идеологияның түрі таңдап алынады. Әдетте мұндай мемлекеттік доктриналар «технократиялық» бағдарламаларды негізге алады. Мысалы, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, сыртқы және ішкі факторларды есепке ала отырып қабылдаған мемлекеттік доктринасы осындай болды [18].

Қазіргі заман адамзат тарихының субъектісі. Осы тұрғыда адамзат ұлт ретінде өзінің ұлттық идеясын сезінбей өмір сүре алмайды. Ұлттық идея мемлекеттің ұлттық саясатын (ішкі және сыртқы саясатын да) құруындағы негізгі принципі болып табылады. Аталған принцип арқылы ғана мемлекет өзінің сыртқы саясатын, одақтастар мен қарсыластарын, ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени бағдарламаларын, әскери күш жүйесін жандандыру үшін және т.б. анықтайды және оған қол жеткізеді. Ұлттық идея болмай мемлекет халыққа ұсынатын бағдарламалардың идеялық қамтамасыздануы мүмкін емес. Деректер бойынша ұлттық идея ұлттық саясаттың негізгі құралы, нағыз күші және кез-келген мемлекеттің тарихи және саяси траекториясын анықтайтын фактор.

Мысалы, АҚШ-тың ұлттық идеясы АҚШ-ның президентінің халыққа жолдауында құрылады. “Монро доктринасында” немесе “Рузвельт доктринасында” ол ұсынылатын. Негізінен үнемі негізгі бір түйінді ой – АҚШ-тың әлемдік жетекші және шиеленіске түскен өзге елдер арасындағы арбитр болу идеясы қарастырылатын. Осы мақсатқа жету АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатын анықтайды.

Францияда бұл ұлттық идея генерал де Гольдің ойы “Отандық Европа” болып саналады. Мазмұны – Еуропаның бірігуі тұжырымына әкеледі. Дей тұрғанмен мемлекет өзінің ұлттық ерекшелігін сақтау керектігін назарға алған. Осы негізде Франция өзінің бұрынғы айбындылығын қайтарады дейді. Франция пікірінше одақтасқан Еуропаның басында Париж болу керек.

Қазақстандық қоғамдық пікірдің тарихында негізгі қарастырылатын мәселелердің бірі - Қазақстанның тарихи дамуы және қазақ халқының тарихи көршілері мен адамзат арасындағы рөлі. Осы мәселе бойынша, “ұлттық идея” түсінігі мемлекеттіліктің өзіндік сана-сезімнің концептуализация тәсілі және қазақстандық ұлттық идеяның түрі ретінде маңызды рөл атқарады. Көптеген уақытқа ұмытылған түсінік қазіргі уақытта елімізде ғылыми жұмыстарда, сонымен қатар оқырмандарға арналған газет-журналда өте жиі кездеседі. “Ұлттық идеяның” тарихы, қазіргі жағдайы және болашағы туралы ғалымдар, жазушылар және саяси жетекшілер көп талқылайды.

Нақты “ұлттық идея” терминнің мәнін әр автор өзгеше қарастырады. Мысалы: “ортақ мүдделердің лебізі” (Л.И. Абалкин), “кейбір фундаменталды құндылықтарды білдірудің контурлы ортақ танылған көзқарастар” (А.В. Кива), “адамдардың ұлттық мүдделердің және әлеуметтік мақсаттардың түсінуі” (Г.В. Осипов), “ұлттың өмір сүруінің мәнін түсіндіретін ашылған тарихи позиция” (В.Н. Катасонов), ұлттық идея дегеніміз – тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгінгінің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үнілу. (Алдан Смайыл).

Батыстың саясаттану ілімі мен философиясында кең зерттелген орыс идеясының тереңіне назар аударайық. Ресей ғұламаларының бәрі ұлттық идеяға халықтың өткен кезеңдері мен нақты орыс идеясы әуелде ұлттың тарихи санасымен қауыштыру және этникалық жетілдіру мақсатын көздеді, оған Ресейді құтқару деген түсінік берді.

Ұлттық идея шын мәнінде – ұлтты құтқару идеясы. Н.М. Карамзиннен Н.А. Бердяев, Н.С. Трубецкой, И.А. Ильинге дейінгі Ресей тарихшылары мен ойшылдары аталған идеяны тек осы мақсатпен іздеді, “Ортақ мұрат философиясы” деді, орыстың жеке-жеке әлеуметтік топтарының мүддесін бір ұлттық мүддеге біріктіруге күш салды. Келе-келе бұл талпыныс тұтас философиялық категорияға айналып, үш негізге: халықтың тарихи тәжірибесіне, православия дініне, неміс диалектикасына сүйенді.

Бұдан шығатын қорытынды ұлттық идея – халықтың уақытша қиындықтары мен кезеңдік қажеттіктерін өзек ете салатын тыз етпе идея емес, халықтың бері салғанда ғасырлық, әрі салғанда дәуірлік мұратын айқындайтын, келер ұрпақтарға да шамшырақ бола алатын заманалық рухани философия.

Әлемдегі ірі мемлекеттердегі ұлттық идея қалыптасуының тарихына шолу жасайық. Олардың ішінде Францияның “Еркіндік. Теңдік. Ағайындық” идеясының пайда болуы және мәні, АҚШ-тың әлемге демократияны тарату идеясының маңызын, Германияның культуркампф идеясының пайда болуын қарастырайық. Барлық уатылу кезеңдерінде әр халық уақытқа сай біріншеден өзінің ұлттық ерекшелігінің экстрополяция параметрін нақты анықтап, оны ұлттық идеяда жүзеге асырайды. Француздар өз кезінде өзінің ұлттық идеясын “Еркіндік. Теңдік. Ағайындық” ретінде анықтаған [19].

Ұлттық идеяның пайда болу туралы тағы да айтатын болсақ, онда постреволюционды Францияны қарастыруға болады. Идеяның пайда болуы ұлттың айбындылығы ретінде емес, ол модернизацияның мемлекет алдында қойған психологиялық қиын мәселелерді шешу мақсатында қалыптасқан. Франция қиын экономикалық және саяси дағдарыста болды. Ауылшаруашылық инфляциядан азап көріп, қалаларда азық-түлік жетпеген. Ал билік сол уақытта еркіндік, теңдік, ағайындық идеяларын талқылаған. Дағдарыстың өсуімен дискуссиялар революционистер арасында қанды талауларға дейін жеткен. Осы талаулар бұқаралық репрессиялармен аяқталды. Еуропа мемлекеттерінің арасында ең беделді болған мемлекет сол уақытта кезкелген тыныш, бірқалпы өмірмен сүрген көршісіне қызыққан болатын. Сонымен бірге Францияның жас ұлттың өмір сүруіне қауіп-қатер төндіретін, шетелдік интервенция омыраулаған. Осы ахуалда элита қиын психологиялық дағдарысқа түсіп, осы дағдарыстың шешімі қоғамдық консолидациясы болатын. Франциялық революцияға бір жарым ғасыр бұрын ағылшын революциясы өтті. Ол да мемлекеттің модернизациясымен тура байланысқан болатын. Революция көрінбеген катаклизмалармен және қиыншылықтармен өтетін. Бірақ, Англияның еуропалық мемлекеттерден аралды орналасуымен байланысты өзінің ұлы Ұлттық идеясын қалыптастырмаған. Оливер Кромвель көршілеріне протестантизм рухын кіргізу үшін еуропалық істерге қатысуын көздеді. XVII

ғасырдың Ескі Дүние (Старый Свет) мемлекеттерінің көбінің негізгі мәселесі діни шағылыс болатын. Бірақ лорд-протектор өзінің жоспарын жүзеге асыра алмай, Англияда қол соғұлмау идеясы доминатты болып қалады. Францияда осындай жағдай бола алмас еді. Себебі, Париж өзінің негізгі қызметі ретінде Еуропа тағдырын шешу болса, сонымен қатар Еуропа да Париж тағдырын шешуге қол сұғылмай отыра алмады. Ақырындап француздардың өздерінің алауыздықтан көрген азабы бүкіл адамзат үшін азап идеясына көшкен. Христиандақ дәстүр бойынша Құдай адамзаттың күнәсі үшін кресте керіп шегелеп тастаған болса, осы азап ету идеясының трансформациясы табиғи болып көрінген. Франция өзін керіп тастаған деп сезінгеннің себебі – бүкіл әлемге еркіндік, теңдік, ағайындық идеясын әкелгені. Азап етудің мәні де пайда болды. Саяси ұрандардың бәсекейлесі, сәтсіздікке ұшараған ақшалық эксперименттер – осының барлығы, еуропаның ең озат ұлттың ырысына түскен, ұлы миссияның элементтеріне айналды. Патриоттық рух қоғамның жүрегіне еніп, интервенция жеңілді. Сонымен қатар, француздық революционды әскері “Марсельеза” дыбыстарымен, жеккөрген тирандармен басқарылған көрші елдеріне революцияны әкелді. Кейіннен наполеондық әскері дәл сол идеяны трансформацияға ұшыратып, азаматтық кодекс пен буржуазиялық еркіндіктерді феодалды бағдарлармен реттелген кәдімгі құқық басым болатын жерлерге әкелді. Орталық және Шығыс Еуропаның дворяндық элитаға Бонапарт монархтардың мұрагерлік құдіретті құқықтың узурпаторы ретінде болған. Бүкіл әлемді тираниядан құтқаратын ұлттық идеяға бағынған француздар үшін керісінше мұрагерлік монархтар узурпаторлар болды. Наполеон ұлттық рухты кейіптейтін (персонофикация), еркіндік, теңдік, ағайындық идеясының бүкіл комплексін жүзеге асырайтын авторитарлы лидерге айналады. XVIII-XIX ғасырларда пайда болған француздардың ұлттық идеясы қазіргі күнге дейін өзгерілмей келе алмады. Бірақ идея түгелдей мағынасын жоғалтты деп айта алмаймыз. Мемлекет ұлы держава болмай, бүкіл әлемге бейбітшілікті әкеле алмайтын болды. Бірақ өз тарихының ұлы кезеңі халықтың санасында түгелдей ұмытқар емес. “Ұлы галлдардың” ұлттық мақтанышына алғашқы соққы - наполеондық әскерінің өлімі және Бурбанов реставрациясы болды. Бірақ Наполеонның өлімімен ұлттық идея өлген жоқ. Бірнеше онжылдықтар ішінде француздық қоғам әртүрлі мақсаттарға бағытталған шағылған болып қала берді. Бонапартистер, республикандықтар, лигитимистер (Бурбанов жақтастары), орлеанистер (Луи Филип мен орлеандық династиясының жақтастары) бір-бірінің арасында бәсекейлесіп, әр қайсысы мемлекетке дағдарыстан шығу жолдарын ұсынған. 1848 жылы Республиканың жаңартуы республикандық идеяның әлсіздігін көрсетіп, империяның қайта өркен-денуіне әкелді. Бонапартизмнің ренессансы алғашында әсерлі болды. Бірақ екі онжылдықтан кейін Ұлы Франция жаңа соққы алып, қайтадан өрлене айналмайтын болды. Немістер III Наполеонның әскерін жойып, 70 жылдан кейін – Екінші ұлы соғыс кезінде бір идеяға біріккен француздардың уақыты өткенін көрсетті. Француздар енді еркіндік, теңдік және ағайындық идеясын әлемге ұсына алмайтынына көз жетті.

Францияда ұлы мифтың трансформациясы өтті. Осы трансформация үшінші республика кезінде (XIX ғасырдың 70-шы жылдары) басталып, Шарль Де Голль (1958-1969) президенттілігі кезінде өз аяқтауына жетті. Миссиандық лаврларға, еркіндік, теңдік, ағайындық принциптерінің жүзеге асырылуына үміткер бола алмайтын таза буржуазды республика, қоғамның санасында революционды республиканың заңды қабылдағышына айналды. Осындай республикаға қарсы болған кез-келген әрекет қорқынышты консерватизм, революцияны жеңіп алуына қастандық жасауы ретінде қарастырылған. XIX ғасырда сәтсіз “бонапарт” Генерал Буланженің қызметі дәл осындай анықмаға ие болды. Ал генералдар және офицерлердің XX ғасырдағы 50-60 жылдары арабтарға Алжир жерлерін бермеу әрекеттері француздардың кең қабатының адекватты емес көңіліне айналды. Генерал де Голль Алжирді “жауға” беріп, халықтың есінде бәрібір ұлы президент ретінде қалды. Неге осындай жағдай мүмкін болды? Себебі қоғам өзгеріске ұшырады. Ол модернизацияның психологиялық комплекстерінен өтіп, өзге құндылықтармен өмір сүретін болды. Пролетариатқа өз мақсаттарынан басқа да жоғалтуға мүмкін болатын құндылықтар да пайда болды. Қазіргі кезде постиндустриалды қоғам жағдайы кезінде пролетариат та трансформацияға ұшыраған. Сондықтан пайда болған күйдегі ұлттық идея қазіргі кезде Францияға қажетті емес. Жалпы айтқанда француздар XVIII-XIX ғасырларда ұлы идеяларға бай халық қазіргі таңда өзінің ұқсастылығын (идентичность) анықтау үшін ауыспалылы идея қажет. Осыдан да трансформация да пайда болды. Осы трансформация Францияны бейбіт, буржуазды жетекшілік идеясына әкелді. Париж ең басынан Ортақ нарық құру ісінде саяси доминатты орын алды. Және бүгінгі Евросоюздің кенеуі, интеграциялық жікшілдіктің құруы, АҚШ-пен бәсекейлес бола алатын Франция қазіргі уақытта бүкіл әлемді бақытты қылуға тырыспай, өз мемлекетін байытуға тырысады. Еркіндік, теңдік және ағайындық идеясының трансформациясының негізінде Еуропалық үйдің құрылуы 200 жыл бұрын қалыптасқан Францияның ұлы ұлттық идеяның реинкарнациясы болып саналады.

Қазіргі уақытта Франция бүкіл адамзатты құтқаруымен айналыспайды. Бүкіл әлемді бақытты қылу идеясын қазіргі уақытта американдықтар қағып алды. Әрине, американдықтар еркіндік, теңдік, ағайындық идеясын адамзатқа таратпайды, бірақ осы триадалық идеяның трансформациясы әлемге демократия, нарық және американдық өмір сүру кейіпін таратып, қазіргі кезде негізгі міндеттерге айналды. Американдық революция кезінде ұлттық идеология сол кезде қалыптасқан француздардың идеясынан мүлдем өзгеше болды. Сол кезде мессияндық Америка сипатына сәйкес келген жоқ. Бір жарым ғасыр бойы өз рухани өміріне сай қоныстанушылар өз әлемін қалыптастырды. Олар діни шиеленістермен толы Еуропадан қашып, дәл осы Еуропаны енді ой-толғамаға оқытқысы келген жоқ. Мұхитпен бөлінген тәуелсіздік үшін күрескен колониялардағы психологиялық дағдарыс еуропаның ортасында орналасқан Парижге дейін жетте алмады. Колониялардың ішкі саяси трансформациясының геосаяси салдары Монро доктринасының (Джеймс Монро президентінің атымен аталған) пайда болуына әкелді. Сонымен қатар оны қазіргі таңда Латын Америкаға байланысты экспансионистік деп қарастырады.

XIX ғасырдың идеологиясына XX ғасыр идеялық арсеналының элементтері ене бастады. Еуропалық мемлекеттер доминатты болған кезде, Монро доктринасы - АҚШ жаһанды саясаттан бас тартынын білдірді. АҚШ-ң қызығушылықтары Ұлыбритания, Франция немесе Ресей қызығушылықтарынан тар болған. Латын Америка шекарасынан әрі қарай шығу деген мақсаттарды ол қойған жоқ. Бірақ, Мексика территориясына жататын жерлерде экспансия өткізілген болатын. Барлық оңтүстік штаттар (Луизианадан басқа, ол Франциядан сатып алынған болатын) көршісінен тартып алынған болатын. Бірақ бұл экспансия қандай да бір ұлы идеялармен байланысты болған жоқ. Ол өзге тәсілдерді қолданатын қатаң қоныстандыру саясатымен байланысты болды. Глобальды саясат үшін АҚШ экономикалық жағынан дамып барлығы XX ғасырда ғана өзгере бастады. Осы өзгерістер ұлттық менталитетпен негізделді. Солтүстік американдық қоныстанушылар колониялардың құрылуынан бастап, өз өмірін діни принциптермен байланыстырып, эгиостік еуропалық монархтардың желісінен өзінің пікірлерін моралды болып санаған. Американдық мемлекеттің пайда болуы рационализм білімділігінің актысы, идеалды жүзеге асыруы ретінде қарастырылды. Осы жерде американдық менталитет Ұлы революцияда пайда болған француздық менталитетке ұқсаған жоқ. Өзге елдерге Америкадан мысал алуға болар еді. Бірақ осы мысалды күшпен Монро доктринасы білдіре алмады. Күшпен «жаңадан тәрбиелеудің» бір ғана мысалды келтіруге болады – Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы соғыс. Солтүстік “аморалды” оңтүстіктерді өз негрлерін қадірлеуді мәжбүр етті. Осы “жаңадан тәрбиелеу” принципі Монро доктринасына қайшы келген жоқ. Білімпазды рационализмнің идеалдарынан шегіну янкилердің көз алдында болды. АҚШ-ң дамуымен және әлденуімен, жаңа азаматтармен толуымен де моральдық ілгерілік “жасырылған” идеясы жоғалған жоқ. Қоныстанушылар – ирландтар, немістер, скандинавиялықтар немесе (кейінде) итальяндықтар және еврейлер – қоғамға ену үшін англосаксондық протестандық алғашқы қоныстанушылардың идеясын түсініп, сіңіуі керек еді.

Теодор Рузвельт Америка өз шекарасынан әрі қарай шығу керек деген шешімді алғашқы болып қабылдайды. Бірақ, нақты шешімді Вудро Вильсон жүзеге асырады. Ол АҚШ-ты Бірінші дүниежүзілік соғысқа кіргізеді. Бұл президент американдық жарық мінезді адам болатын. Өзге адамдардың ішінде ол орта американдық адамының көзқарасын ұсынатын. Сондықтан Вильсон соғысты жеңгеннен кейін бүкіл еуропалық саясатты американдыққа ұқсастырып өзгертуге тырысты. Бірақ, әлемді “демократияландыру” тәсілі күш қолдануы ретінде қабылданған жоқ. Франклин Рузвельт Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде еуропа істеріне кірісті. Өзінің жол салушысынан гөрі идеализммен азап көрген жоқ. Рузвельт күштің мәнін білген және түсінген. Алыста өтетін соғысқа АҚШ-ты кіргізу үшін рузвельт көп еңбектенді. Монро доктринасына үйренген американдықтар алғашында енжар болды. Бірақ Германия мен Японияның жеңілуімен маңызды өзгерістер пайда бола бастады. Әлемді тәуелсіз және таза жасағандарына американдықтардың көзі жетті. Германияның денафикациясын жасап, Жапонияда экономикалық жаңартуды өткізіп, екі мемлекеттің дамуын демократиялық жолмен жүзеге асырған. Кейінен Советтік коммунизмнен бүкіл әлемнің құтқаруын АҚШ өз қолына алды. Сол уақытта осы функцияны олардан басқа ешкім істей алмас еді. Осыдан бастап американдықтар өз мемлекеті әлемде өзгеше роль ойнайды деген шешімге келді. Американдық ұлттық идеясының мәні - демократияны және нарықты бүкіл әлемде қорғау және керек болса олардың күшімен мәжбүр ету. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін таталитарлы мемлекеттерге кіргізген болса, онда қазіргі күні үшінші әлем мемлекеттерінде де қолдануға не кедергі болып тұр? 60-шы жылдары АҚШ-ң алғашқы соққысын алып, әлемде алатын өз орнын дұрыс түсінеді ме? - деген сұрақ пайда болды. Вьетнам соғысында жеңіліс табуы түсінікті және жойқын болды. Өзге мәдениеті бар ұлтқа әрбір мемлекетке демократияны орнатуға болмайды деген шешімге келді. Францияға қарағанда АҚШ осындай жаһанды жеңілістері болған жоқ. Француздар 1812-1815 жылдары антина-палеондық коалициядан және 1870 және 1940 жылдары немістерден жеңілгенінен қорлық көріген, ал Американдықтар

дықтар француздарға қарағанда Вьетнамнан осындай кемсітушілікті көрген жоқ. Вьетнам американдық ұлттық идея эволюциясының бір кезеңіне ғана айналды. Уақыт өте келе АҚШ Афганистанды және Иракты демократияландырудың мүмкіншілігі туды деп ойлады. Сонымен қатар мемлекетте американдықтарға ислам әлемі қарсылық көрсете бастады. “Демократизация” шеберлерінің Ирак тағы бір конфузына айналуы мүмкін. Бірақ осы соғыстағы американдықтармен жемтік саны вьетнам соғысының жемтігімен салыстыруға қиын. Қазіргі жаһанды ислам әлемімен соғысы американдық ұлттық идеясын өлтіреуі мүмкін. Мессияндықтан бас тартқан Франция тағдырын АҚШ-та қайталау мүмкін.

Егер Франция мен АҚШ-та ұлттық идеяның қалыптасуы қатты модификацияланған сценарий бойынша қалыптасса (американдықтар демократияны тарату мәселесі бойынша француздардың ізбасарына айналды), Германияда ол мүлдем басқа жолмен өтті. “Тұнжыраған германдық гений” өз идеяларын әлемге әкелмей, әлемге өзін әкелді. Яғни бүкіл адамзат ішінде немістер табиғатынан өзгеше және ілгерілігі бар халық деп ұсынған. XIX ғасырда Германияда ұлттың қалыптасу процесі қарқынды дамыды. Шағылған герман тілдес халықтарды бірігіп, бір ұлт ретінде қалыптасу негізгі міндет болды. Патшалықтар, герцогтықтар, графтықтар және жеке қалалар – осының барлығы бірігуі тиіс еді. XIX ғасырдың бірінші жартысында ұлтшылдардың (националистердің) негізгі мақсаты бірлікке жетуі еді. Әсіресе жеке германдық мемлекеттерінің сақталуымен экономикалық кеңестікті құруға мүмкіндікті туғызған кедендік одақ құруы маңызды болып саналатын. Кейінде Кедендік одақ негізінде бір саяси кеңестікте орналасқан империяға айналды. Осы кеңестікті нақты орнықтыру үшін бір ортақ идеялық бірлік қажет еді. Дәл сол кезде Альптан оңтүстікке қарай Италияның бірігінің процесі өтетін. Осы процесс аяқталғаннан кейін саяси қайраткерлердің бірі осындай сөзді айтқан: “Біз Италияны құрдық, енді итальяндықтарды құру керек”. Расында да ортақ мемлекеттің болуы ортақ халықтың болуының куәлігі бола алмайды. Италия туралы айтылудың Германиямен байланыстырып айтуға болады.

Отто фон Бисмарк герман империясынан кейін германдықтарды құруға тырысқан. Динамикалық, ақкөңілді баварлықтар салдафон-пруссактарға әрқашан ұнатпаған. Солтүстік Германия қалаларының еңбеккер және алғыр фритредтер Берлин диктатына қарсы болды. Ал Италияда, Фладрияда және Англияда сататын және ертеден бері Франция мәдениетін жақтайтын космополиттік рейндік немістер ортақ ұлттық мемлекетті құруына мүлдем жатқызуға болмайтын еді. Бірақ Германияны бөлген негізгі факторы – ол діни фактор еді. Католикалық және протестандық мемлекеттерден құрылған империя монолитті болуға тиіс еді. Бисмарк үшін әскери жолмен құрылатын империядан гөрі осындай міндеттер қиыншылық туғызды. Гугеноттер Людовик XIV кезінде Франциядан қуылған болатын. Экономика үшін қиындық туғызған болса, ұлттық бірлік үшін көмектесті. АҚШ-та мәдени және конфессиялық өзгешеліктерге қарамай англосаксондық протестандық негіз бойынша ұлттың қалыптасуы өтті. Италияда католицизм доминатты болды. Германияны онұшжылдық діни соғыстан кейін бірігуге қиын болды. Басында Бисмарк өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін культуркампф (мәдениет үшін күрес) саясатын өткізді. Ол тура католицизмге қарсы болып, ешбер жетістікке жеткен жоқ. XIX ғасырдың 70-80 жылдары темір канцлердің тактикасы өзгерілді. Биліктен социал-демократтар мен либералдарды шығарып, конфессияаралық негізде бірлік құрыла бастады. Енді барлық патриотты немістер жақсы азаматтарға айналды.

Соңында герман мәдениетінің мінезі халықтың негізгі анықтамасына айналды. Нарықтық шаруашылық функцияларымен байланысқан кішкентай машақаттарды шешетін еуропалық халықтан Германия жергілікті националистер үшін рухани гигант ретінде анықталды. Кіші машақаттардан гөрі немістер өзінің ұлы поэзиясымен, музыкасымен, философиясымен өзінің ұлттық болмысын ұлы істермен байланыстырды. Уақытында көне гректер физикалық ізгіліктің мысалы болса, немістер өздерін рухани ізгіліктің үлгісі деп санаған. Германия өзін Батысқа қарай абстрактылы боп ұсынды. Өмір сүру үшін күресі өтетін, адамның адамды эксплуатациялау, нарықты ойсыз қолданатын батыста осындай Цивилизация басым болатын. Германияда осы Цивилизацияның құндылықтары емес, мәдениет басты болды. Ол Батыстағы шаруашылықтың дамуындағы болатын эксцессіз, эффективті экономиканың қалыптасуын және дамуын қарастырды. Гоббстік барлығының барлығына қарсы соғысынан гөрі қоғамның бірлігін ұсынды. Ол жаушылықтан, дүниесқорлықтан әлеуметтік сақтандыруды ұсынатын. Сондықтан Бисмарк Еуропадағы әлеуметтік сақтандырудағы көптеген жетістіктерге жеткен. Сондықтан Германияда ірі бизнес қарқында дамуып, отандық өндірушілерді шетелдік бәсекелестен қорғады. Әр түрлі немістердің ұлттық көзқарасында әр түрлі мәдениет болды. Кейбіреулері Германияның ұлылығын Гегельдің еңбектерінде көрсе, басқалары француздық жұмысшысымен салыстырғанда неміс өз мемлекетімен сақтандырылғанында дп есептеген. Іс жүзінде сақтандыру шартты түрде ғана болды. Және XX ғасырдың негізгі параметрлері бойынша неміс өзінің батыс көршісінен кедейлеу болды. Бірақ ұлттық идея шындықпен аз байланысты болады және ол өзінің жеке өмірімен сүреді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде немістер өзінің кайзері үшін ғана емес, олар шығыстағы орыс варварларынан және батыстағы “дұрыс емес” Цивилизациясынан германдық өмір сүру сипатын және германдық Мәдениетті қорғады. Санасында жаудан мәдени жетекшілікке ие болып, немістер нарықтық экономика құруындағы қиыншылықтарды, өмірдің кедейшілігі мен кемтарлықты және әлеуметтік қабаттардың теңсіздігін компенсациялады. Мүмкін сондықтан соғыс осындай ұзақ және қантөгісті болды. Жеңілістен кейін Германия үлкен репарациялармен және рейндік зонаның демилитаризациямен қорланған болатын. Сонымен қатар осы зонаға 1923 жылы француздар өз әскерін кіргізді. Осындай жағдайда ұлттық ерекшеліктердің және реваншизмнің идеялары дамыды. Немістерге Екінші дүниежүзілік соғыс Бірінші дүниежүзілік соғыстың логикалық жалғасы ретінде болды. Нәтижесінде германдық Мәдениеттің идеясы ерекше ариялық расаның идеясына айналды. Соңында ұлттық идеяның екі модификациясы бір-бірінен ерекше болып және кейбір мәселелерінде қарама-қайшы болды. (ұлтшылдар немістердің мақтанышы болатын кітаптарды өртеген.)

XIX-XX ғасырларда ұлттық ерекшеліктің идеясы құрылмаса, онда национал-социализм Германияда осындай мықты тамырларға ие болмас еді. Германдық ұлттық идеясымен бірге дәл осындай негізде итальяндық идея дамыды. Муссолини өзге әлемге қарсы болатын білескен ұлты бар корпоративті мемлекетті құруға талпынды. Көне Рим тарихынан итальяндық тамырларды шығару фашизмнің негізгі идеялық базасы болды. Осымен ұлттық мәдениет Германияда өзге мәдениеттерден жоғары болды деп саналды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы Германия мен Италияның құлдырауы ұлттық идеяның дамуына шек қойды. Жеңілудің кезеңі Франциямен салыстырғанда қысқа болды. Сол кезден бастап Германия және Италия бір Еуропаға кіретін мемлекеттер. Экономикалық және мәдени жағынан жақсы дамитын, тыныш өмірмен сүретін мемлекеттер өздерінің ұлттық идеяларына шағым болмайды [20]. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының ой-өрісі, білім-биліктілігінің дәрежесі өзі көрші елдердегі әріптестерімен салыстырғанда ешқайсысынан кем болған жоқ. Тіптен халықаралық, әлемдік деңгейде болды. Өйткені өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары ұлттық идеологияны қалыптастыруды қолға алды. Өйткені ұлттық идеясыз бар қазақты жұмылған жұдырықтай күшке айналдыру мүмкін емес еді.

Ұлттық идеяға тағы бір түсінік берсек, бұл белгілі бір тарихи кезеңде ұлт алдында тұрған міндеттер. Соларды белгілеу зиялылар міндеті. Қандай өзекті мәселелер шұғыл шешуге мұқтаж, соларды іріктеп, қорытып қоғам алдына, билік алдына қою зиялылар үлесінде.

Өткен ғасыр басындағы зиялыларымыз бұл ретте өз міндеттерін орындай алды. Олар әбден негізді «қазақ ұлтшылдығы» идеясын қалыптастыра алды.

Ұлттық идеология дүние жүзінің отарлық езгідегі көптеген елдерінде қалыптасты. Солардың біразын мысалға алар болсақ Түркияда «Жас түрікшілер» шықты. Үндістанда Ганди бастаған ұлт патриоттары Үнді ұлттық конгресін құрып, ұлт-азаттық қозғалыс теориясы мен практикасын қалыптастарды. Мынау іргеміздегі Қытайдың өзінде ше. Сун Ят Сен бастаған ұлттық жаңғыру қозғалысы шамамен осы уақытта жүрді емес пе? Осы және басқа да елдердегі ұлт зиялылары отарлық және феодалдық мешеуліктен арылмай, өз халықтарының тұрмысын жана сапаға көтеру мүмкін еместігін анық сезінді. Осындай әлемдік үрдістер біздің елде, қазақ топырағында да жүрді. Осы негізде концептуалдық тұрғыдан «қазақ ұлтшылдығы» өмірге келді.

Қазақ ұлтшылдығы – санадағы патология емес. Өмірлік негіздері айқын құбылыс. Француз социологтары осыдан біраз бұрын-ақ мынаған көз жеткізген: егер елге келген келімсек мигранттардың үлес салмағы жергілікті халықтың 17% асып түссе, сондай-ақ олардың сыртқы түрі, тұрмыс-салты, ділі мен діні жергілікті жұрттан тым өзгеше болса, онда соңғылары өздерін оккупация жағдайындағыдай сезінбек. Патшалық переселен саясатының нәтижесінде қазақ жеріне ішкі ресейлік губерниялардан көшіп келгендердің үлес салмағы 1914 жылы 35% жеткен (қараңыз: Н.В. Алексеенко. А.Н. Алексеенко. Население Казахстана за 100 лет. 1897-1997 гг. Усть-Каменогорск, 1999, с.26). Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы қазақ басына түскен қырғындардан соң бұл көрсеткіш 47,7% көтерілді. Сондай-ақ бұл жай сандық басымдылық қана емес-тін. Қазақ жерінің табиғи байлықтарын емін-еркін иемдену, ал халықтың өзін орыстандыру процесі жүріп жатты. Осының бәрін көріп және түсіне отырып қазақ саяси тобы үнін шығармауға тиіс болды. Ал егер қарсылық танытса «ұлтшыл», ретроград атанып, репрессияға алынуы қалыпты құбылысқа айналды. Сөйтіп әрбір Азамат отанына, әділдікке араша түсу құқынан айрылды. Қазақ ұлтшылдығының түп-тамырын міне осы ахуалдан іздеген жөн. Басын ашып айтатын бір жай «қазақ ұлтшылдығы» кейіндеу большевиктер әлемге жар салғандай агрессияшыл, өзгеге көз алартқан құбылыс емес-тін. Ұлтшылдықтың екі түрі бар. Олар халықаралық деңгейде, ғылыми әдебиетте айтылып та жүр.

Біріншісі – агрессияшыл ұлтшылдық. Оның анықтамасы басқаның жерін тартып алу, табиғи байлығын иемдену, шағын ұлттар мен ұлыстарды ассимиляциялау арқылы өздеріне сіңіріп, ерекшеліктерін жою. Ал «қазақ ұлтшылдығы» жоғарыда айтқанымыздай бұл топқа жатпайды. Оның өзекті жібі, дінгекті ойы, «менің ұлтым өзгеден ерекше артық» деген оғаш пікірге саймайды. Мағжан ақынның «Ұлт үшін жаным садаға» дегеніндей, елім деген азаматтардың өркениетке ұмтылған жұртын, өзгелермен тең ету жолындағы жанкешті қызметке әзірлігін білдіретін ұстаным болатын. Яғни ұлтшылдықтың екінші түрі, аяқ астынан сусып кетіп бара жатқан жерін қорғау, ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру үшін күрес деген мағынаны береді. Егер мемлекеттігің болмаса, сен ештеңеге де ие бола алмайсың. Жерің де, салт-дәстүрің де, жалпы ұлттық құндылықтарыңның бәрі де адыра қалады. Қысқасы, өзін кіріптар болған мемлекеттің құрамына сіңіп, ұлттық болмыс-сипатыңнан мүлдем айырыларың хақ. Сондықтан «қазақ ұлтшылдығы» бұл – қорғаныстық сипаттағы ұлтшылдық. Әлемдік азаттық қозғалыс арнасында өмірге келген «қазақ ұлтшылдығының» концептуалды деңгейдегі гуманистік мазмұн сипатта қалыптасып, ұлт зиялыларының сеніміне ие болып, олардың күрес қаруына айналуында Әлихан Бөкейханов бастаған озық ойлы қайраткерлердің қызметі зор. Сонымен, қорыта айтқанда, ұлтшылдық бұл қазақ қоғамы жағдайында Ресей тарапынан төнген отаршылдық саясатқа жауап реакция. Соған жауап ретінде қалыптасқан концептуалды ұстаным. Сол тұстағы ұлттық идея.

Орыс философы Н.Бердяев кезінде «Ресей неге революциялық жолға түсті?», «Орыс социализмі қайдан шықты?» сияқты сауалдар тастап, оған өзі жауап іздеген. Ұлы философ Ресейде революция идеясының үстемдік алуын бұл мемлекеттің тарихи даму жолымен, ерекшеліктерімен байланыстырады. Яғни Ресей еуропалық басқа елдермен салыстырғанда ортағасырлық крепостниктік қатынастар жолында тым ұзақ мерзім болған ел. Еуропалық елдер капиталистік даму жолына XVI-XVII ғасырларда-ақ түсіп кеткенде, Ресей крепостниктік тәртіп шырмауында 20 ғасырға дейін қалып қойды. Крепостниктік тәртіп мемлекеттік қатыгез билікті талап етті. Ресейде мемлекеттік биліктің қатыгез түрі үстемдік құрды. Көп пікірлікке, түрлі ұстанымдарға орын қалған жоқ. Міне осындай жағдайда Ресей интеллигенциясы мен большевизм сияқты саяси күштер революцияны қоғамдық мәселені шешудің негізгі құралы, жалқы тәсілі ретінде тандады. Басқаша айтқанда дүлей мемлекеттік тәртіп өзіне лайық күрес тәсілдерін өмірге әкелді. Кейін интеллигенция тарапынан көрінген революциялық радикализмнен большевизм пайда болды. Айналып келгенде большевизм Ресейдегі крепостниктік билікке, крепостниктік тәртіпке жауап реакция ретінде өмірге келді. Егер біз империя құрамындағы қазақ халқының жағдайын осы контексте алып қарасақ, онда сол репрессиялық шаралар мен науқандардың болмай қалмайтындығын байқаймыз.

Ұлттың бас көтерер жетекші саяси топтарына қарсы ауық-ауық репрессиялық науқандарды жүргізіп отыру патшалық және кеңестік жүйелердің қалыптасып қалған үйреншікті шараларының бірі болатын [20].

Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, егішілік пен өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылдың ақпан және желтоқсан аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Ахмет Байтұрсынұлының, Әлихан Бөкейхановтың, Мұхтар Әуезовтің, ісі Алаш зиялыларының, қазақтың жіктен азат, әділмін деген игі жақсылары Абайға ұйып, тоқталған. Бір Абайдың өзі қазақ өнерінің қаншама тарауының өркендеуіне жол салды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Соловьев А.И. *Политическая идеология: логика исторической эволюции*. Полис, 2001, №2, Эл. нұсқасы // www.politstudies.ru
2. *Социальный идеал и массовое сознание: Историко-культурное исследование*. Сборник обзоров. – М., 1992. б.9
3. Новгородцев П.И. *Об общественном идеале*. Гл. 2. Эл. нұсқасы: www.humanities.edu.ru
4. Уокер Коннер. *Нация-это нация, это государство, это этническая группа, это ...//Этнос и политика: Хрестоматия*. – М., 2000. – С. 62-63.
5. Энтони Д. Смитт. *Образование нации//Этнос и политика: Хрестоматия*. – М., 2000. – С. 86-87.
6. Карл Дойч. *Рост нации// Хрестоматия*. – М., 2000. – С. 63.
7. Горфункель А.Х. *Гуманизм и натурфилософия Итальянского Возрождения*. – М., 1977. – С.23
8. Арапов М.В. *Мирский Э.М. Содержание школьного образования: система и методы исследования//Системные исследования. Методологические проблемы. Ежегодник 1995-1996*. – М., 1996. – С.69-70.

9. Красухин К.Г. Может ли сформулирована национальная идея? // Вестник Института цивилизации. Эл. нұсқасы: www.inci.ru
10. Драгунский Д. Грани национальной идеи // Дружба народов. 1998, №3. – 80 с.
11. Манхейм К. Идеология и утопия. Ч. 1. – М., 1992. – С.15.
12. Матц Ульрих. Идеологии как детерминанта политики в эпоху модерна. Полис, 1992, № 1 Эл. нұсқасы: www.politstudies.ru
13. Совеленок Е. Краткая история понятия «идеология» в период с начала XIX века // Антология истории идей и идеологии. Эл. нұсқасы: www.ideology.ru
14. Баллаев А.Б. Проблема идеологии в творчестве Карла Маркса. Эл. нұсқасы: www.philosophy.ru
15. Совеленок Е. Краткая история понятия «идеология» в период с начала XIX века // Антология истории идей и идеологии. Эл. нұсқасы: www.ideology.ru
16. Пугачев В.П. Соловьев А.И. Введение в политологию. – М., 1996. – С. 293-302.
17. Л. Дж.Р. Херсон. Идеология в Соединенных Штатах. Полис, 1993, №6. Эл. нұсқасы: www.politstudies.ru
18. Абазов Р. Президентские выборы в Казахстане: до и после. Полис 1999, №3. Эл. нұсқасы: www.politstudies.ru
19. Рубинский Ю.И.. Национальная идея в политической культуре Франции, ДИЕ РАН, № 133. – М., 2004 г.
20. М. Қойгелдиев Қазақ Елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. - XXI ғ. басы). – Алматы, 2014. – 423-247.

References:

1. Соловьев А.И. Political ideology: the logic of historical evolution. Policy, 2001, №2, E-mail. version // www.politstudies.ru
2. Social ideal and mass consciousness: Historical and cultural research. Collection of reviews. – М., 1992. – P.9.
3. Novogorodtsev PI About the public ideal. Ch. 2. People. version: www.humanities.edu.ru
4. Walker Conner. Nation is a nation, this is a state, this is an ethnic group, this is ... // Ethnos and politics: Christianity. – М., 2000, – P. 62-63.
5. Anthony D. Smith. Education of the nation // Ethnos and politics: Christianity. М., 2000, p. 86-87.
6. Carl Deutsch. Growth of nations // Reader. – М., 2000, – p. 63.
7. Gorfunkel A.H. Humanism and natural philosophy of the Italian Renaissance. – М., 1977. – p.23
8. Арапов МВ Мурский Э.М. Contents of school education: system and methods of research // System research. Methodological problems. Annual 1995-1996. – М., 1996, – p.69-70
9. Krasukhin KG Can the national idea be formulated? // Bulletin of the Institute of Civilization. People. version: www.inci.ru
10. Dragunsky D. Borders of national ideas // Druzhiba Narodov. 1998, №3. - 80 с.
11. Mannheim K. Ideology and utopia. Ch. 1. – М., 1992, – p.15.
12. Matz Ulrich. Ideologies as determinants of politics in the modern era. Policy, 1992, № 1 E-mail. version: www.politstudies.ru
13. Sovelenok E. A brief history of the concept of "ideology" in the period from the beginning of the XIX century // Anthology of the history of ideas and ideology. People. version: www.ideology.ru
14. Ballaev AB The problem of ideology in the work of Karla Marx. People. version: www.philosophy.ru
15. Sovelenok E. A brief history of the concept of "ideology" in the period from the beginning of the XIX century // Anthology of the history of ideas and ideology. People. version: www.ideology.ru
16. Pugachev VP Soloviev AI Introduction to political science. – М., 1996, – p. 293-302.
17. Л. J.R. Kherson. Ideology in the United States. Policy, 1993, №6. People. version: www.politstudies.ru
18. Абазов Р. Presidential elections in Kazakhstan: before and after. Policy 1999, №3. People. version: www.politstudies.ru
19. Rubinsky Yu.I. National idea in the political culture of France, DIE RAN, № 133. – М., 2004
20. М. Koigeldiyev Kazakh Eli: the struggle for the preservation of national identity (XIX century - early XXI century). – Алматы, 2014. – 423-247